



Автор: Муканова Майра Ерпарашевна

Пән: Әдебиеттік оқу

Сынып: 4-сынып

Бөлім: Табиғи құбылыстар

Тақырып: Қош келдің ,Наурыз!

| | |
|---|--|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 4.1.1.1. Шығарманың мазмұнын толық түсіну, кейбір тұстарын нақтылау, оқиғаның себеп-салдарын анықтау үшін сұрақтар қою және жауап беру 4.3.2.1 Таныс мәтінге жаңа кейіпкерлер қосу, жаңа сюжеттер енгізу, өлең (төртжолды) жазу |
| Сабақтың мақсаты: | Барлық оқушылар: Шығарманың мазмұнын толық түсініп, кейбір тұстарын нақтылайды, оқиғаның себеп-салдарын анықтау үшін сұрақтар қойып, жауап береді. Шығармашылық жұмыстар істейді. Оқушылардың басым бөлігі: Өлең құрастырады. Кейбір оқушылар:әр пікірге қатысты өз көзқарастарын білдіреді |
| Тілдік мақсаттар: | Қостанып |
| Күтілетін нәтиже: | Тұжырымның себеп-салдарлық байланысын сызба түрінде көрсетеді. Шығармашылық жұмыстар істейді. |
| Бағалау критерийлері: | Тұжырымның себеп-салдарлық байланысын сызба түрінде көрсетеді. Шығармашылық жұмыстар істейді. |
| Құндылықтарды дарыту: | Адамгершілік, еңбекқорлық. |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | Презентация,Электронды тапсырмалар,смартфон. |
| Пәнаралық байланыс: | жаратылыстану. |
| Бастапқы білім: | Жылға жақсы тілек |

Сабақ барысы

| Сабақ кезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|------------------------|---|---|
| Сабақтың басы (10 мин) | (Ұ) Әрбір адам?...Туысың,досың,жұрағат. Әрбір сабақ?...Ұғыну,түсіну,ұлағат Әрбір ісің?... Тірлік,тірек,адамдық Әрбір сөзің?...Шындық,бірлік ,адалдық. -Жақсы балалар,әрбір сөзімізде шындық болсын,әрбір ісімізге сәттілік тілеймін! Үй тапсырмасы.«Еркін микрофон» әдісі арқылы сұралады.Жылға тілек жазып келу.Жазған тілектерін оқиды.ҚБ: «Шапалақ» арқылы Алдыңғы білімді еске түсіру (жеке, ұжымда). «Асық ату» әдісі арқылы күрделі және жеңіл сұрақтарға жауап беру. 1. Бай деп қандай адамды айтамыз? 2. «Сәуір болмай, тәуір болмас» деп бұрынғылар текке айтпаған» деген сөйлемдегі бұрынғылар кімдер? 3. Отамалы күн райының бұзыларын қалай білді деп ойлайсың? МК) «Тыңдалым» айдары.М. Мақатаевтың сөзіне жазылған Т. Сарыбаевтың «Наурыз-думан» әнін тыңдаудан басталады. 1. Оқушылар өлеңде не туралы айтылғандығын анықтайды. Жауап:Өлеңде Наурыз мерекесі қалай сипатталғанын айтады. (сұраққа жауаптарды жаңа сабақты бастауға көпір ретінде пайдалана отырып, сабақтың тақырыбы мен мақсатын ашуға болады) Оқу мақсатын таныстыру Күтілетін нәтижені анықтау. Наурыз-Март-March | Сұраққа жауап берген оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату. https://www.youtube.com/watch?v=urw7-DbLZ_Y |

| Сабақкезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|-----------------------------|---|-----------|
| Сабақтың ортасы (20 мин) | <p>М.Дулатұлының өмірбаянымен танысу.Презентацияға шолу жасау.«Қойын дәптер» әдісі (М. Дулатұлының өмірі мен шығармашылығы жайлы мағлұматтар жинақтау) Аты-жөні Міржақып Дулатұлы Туған жылы 1885 – 1935ж.ж Туып-өскен жері Қостанай облысы Жангелдин ауданы Қызбел ауылы Шығармалары «Азамат», «Терме», «Оян, қазақ» Ақпарат ақын ҚБ: Өзара бағалау +, - арқылы Наурыз өлеңін оқу. Түсініп оқы а)тізбектей мәнерлеп оқу ә) хормен оқу б) сыбырлап оқу. ҚБ: мадақтау арқылы</p> <p>1.Айналадағы табиғаттың оянуын жаңа жылмен байланыстырып әңгімеле</p> <p>2. Өлеңдегі өсімдіктердің, жан-жануарлардың өміріндегі өзгерістер туралы не айтылған? 3. Осы маусымдағы қандай адам еңбегінің түрлері айтылған</p> <p>Дескрипторы: 1.Айналадағы табиғаттың оянуын жаңа жылмен байланыстырып әңгімелейді. 2. Өлеңдегі өсімдіктердің, жан-жануарлардың өміріндегі өзгерістер туралы айтады. 3. Осы маусымдағы адам еңбегінің түрлері туралы айтады.. Ақпараттардың себеп-салдарлық байланысын сызба түрінде береді. Сергіту сәті: Әртүрлі стилде өлеңді оқу(рэп,опера) «Жаңа сөздер сандығы» айдары Қостанып – қос тігу (жұмыс басындағы баспана) Жұппен жұмыс. «Білгенге маржан» айдары «Наурыз» мәтінін оқу, талдау Топтық жұмыс 1-топ . «Бейнелеуші,суретші»..Өлең мен мәтінді оқи отырып « Наурыз» туралы ақпараттар жинақтап,топтастыру. 2-топ «Жазушы»: Наурыз туралы өлең құрастыру. 3-топ «Зерттеуші»: «Жылқұсы» деген сөз тіркесіне анықтама жаз.Сұрақ құрастыру. Дескрипторы:Сөз тіркесін қатыстырып анықтама құрастырады. -Сөйлем мағынасынсурет арқылы (сызба арқылы) бейнелейді -Берілген сөйлемдерді оқиды. -Сұрақтар құрастырады. ҚБ: «Бағдаршам» әдісі арқылы «Жасыл» түс – негізгі ойды түсініп, мазмұнын толық ашқан. «Қызыл» түс – мазмұнын ашқан. «Сары» түс – мазмұнын толық ашпаған. Тақырыптан ауытқыған.</p> | |
| Сабақтың соңы (5 мин) | <p>ҰЖ)«Қорытынды жаса» айдары .Пликерс бағдарламасы арқылы орындау. Оқушының алдына берілген парақта оқулықтағы мәтін үзіндісі жазылады. Оқушылар көп нүктенің орнына тиісті сөзді тауып қояды..</p> <p>Пликерс бағдарламасы арқылы өзін-өзі бағалау.</p> | |
| Рефлексия (5 мин) | <p>Кері байланыс: «Білім қоржыны» Бүгінгі сабақта не үйрендің? Не білгілерің келеді? Стикерге жазып қоржынға ілу.</p> | |